

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология және көптілді білім беру институты

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология және көптілді білім беру институты Қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасы 2018 жылдың 9-10 сәуірінде «5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиада өткізеді. Бұл шара Елбасы Н.Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауы аясында ұйымдастырылады.

Республикалық олимпиаданың өткізілу тәртібі

Олимпиадаға «5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алатын жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

Студенттерді қаржыландыру топты жіберіп отырған ЖОО тарапынан қамтамасыз етіледі. Қатысу өтінімдерінің Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне жазбаша түрде e-mail: поштасына 2018 жылдың 14 наурызына дейін кешіктірілмей жіберілуі сұралады.

Әр жоғары оқу орнынан 1 жетекші және 3 студент қатысады. Олимпиадаға 3-4-курс студенттері жіберілгені дұрыс.

Олимпиадаға қатысу өтініміне жіберуші жоғары оқу орнының ректоры қол қойып және сол оқу орнының мөрімен расталуы қажет.

Республикалық пән олимпиадасының тапсырмалар жүйесі төмендегідей ретпен жүргізіледі:

1-кезең. Студенттердің өз командаларын кәсіби тұрғыдан таныстырылады.

2- кезең. Тест тапсырмаларына жауап беріледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту әдістемесі пәндері бойынша қатысушының теориялық білімі тест арқылы тексеріледі.

3-кезең. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қатысушы студенттердің теориялық білімдері мен танымдық деңгейлерін анықтау мақсатында нақты тақырып бойынша эссе жазылады.

4-кезең. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша панорамалық сабақ өткізіледі.

Олимпиада топтық сынақ түрінде өтеді, сондай-ақ, студенттердің жеке белсенділігі де ескеріледі.

Қорытынды олимпиаданың төрткезеңі толық аяқталғаннан кейін жасалады.

Өтінім мына үлгіде толтырылады:

1. Жоғары оқу орнының атауы, қала атауы.
2. Команда мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, мамандығы, курсы.
3. Команданың жетекшісі: оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі және қызметі.
4. Байланыс телефондары, электронды поштасы

Байланыс ақпараты :

E-mail: guljantal@mail.ru

aksulu_respect@mail.ru

Мекен-жай: Достық, 13, 4- қабат, 423-кабинет

Байланыс телефондары:

87015401514

87077473818

Өтінім формасы

1	ЖОО-ның атауы, қала атауы
2	Команда жетекшісі: аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, байланыс телефоны, электронды поштасы
3	Команда мүшелері: 1) аты-жөні, курсы 2) аты-жөні, курсы 3) аты-жөні, курсы